

ТАЛРАТ ҚАЙБҰЛЛАҰЛЫ



ЕЛ МЕН ЕР

ТАЛҒАТ ҚАЙБҰЛЛАҰЛЫ



Ғ О М Е Н Ғ Р

(өлеңдер)



Алматы-2013

ББК 82.7 (Қаз-7)

Қ 88

*Кітаптың шығуына қолдау көрсетіп,
демеушілік жасаған Атымтай Жомарт ағамыз
Каспий Строй-Сервис Корпорациясының
бас директоры Мұсабаев Самат Базарбайұлына
және досым, қазақ өнерінің жанашыры,
Тупқараған ауданының әкімі Темірбек Асауовқа
шексіз алғысымды білдіремін!*

Автор

Қ 88 ҚАИБҰЛЛАҰЛЫ Т.

ЕЛ МЕН ЕР /Өлеңдер/ – Алматы,

«Нұрлы Әлем», 160 б. + 16 б. жапсырма

ISBN 978-601-205-196-8

ББК 82.7 (Қаз-7)

ISBN 978-601-205-196-8

© Қайбұллаұлы Т., 2013.



*Бұл еңбегімді
Маңғыстау облысының 40 жылдығына,
Ақтау қаласының 50 жылдығына,
Қ.Р-ның астанасы – Астана қаласының
15 жылдығына арнаймын!*

Автор



АЙНАЛАЙЫН ТАЛҒАТ!

Сенің «Ел мен Ер» атты жыр жинағыңның қолжазбасын оқып шықтым. Ақын боламын дегендер өлең жазуды лирикалық туындылардан бастаушы еді. Оған жастық, достық, махаббат секілді сезімдер себеп болатын. Сенің бұрынғы жазғандарыңды көрген емеспін.

Біз Тәуелсіздік деген ұлы арманға қолымыз жетіп, ғасырлар бойы ата-бабаларымыз бен ана-әжелеріміз аңсап өткен заманның перзенттеріміз. Бірақ сол Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін әлі күнге бағалай алмай жүрміз. Осы орайда сенің өлеңдеріңнің қажеттілігі жас ұрпаққа Қазақ деген халықтың бостандыққа қол жеткізіп, Ай мен Күні алдынан туған заманын ардақтауды үйрететін дүниелер екендігінде деп ойлаймын. Мен жалпы әдебиетті жақсы көретін, оны сүйіп оқитын, сөз қадірін түсінетін жастарды сыйлаймын, жақсы көремін. Өйткені олар ұлтымыздың болмысын жанына, қанына сіңіріп өскендер.

Ал, әңгіме, өлең жазамын деп талпынатындардың орны тіптен ерекше. Олардың бәрі бірдей атышулы ақын немесе жазушы болмауы мүмкін. Алайда халқымыздың сөз өнерін қадірлейтін, кейбіреулердің бір сағаттық баяндамасындағы ойды бір мақалмен айтып жеткізетін азамат болатынына сенімім мол.

Елдік деген ұғымды Ерлікпен қатар қойып жырға қосқаның сүйсіндіреді, Талғат! Маңғыстау – ерекше аймақ. Сол аймақта туып-өсіп, қазақ деген елді бөліп-



жармай, тұтастай меншіктеу де – Іріліктің белгісі. Қашаған дүлдүл, Әбіштей сұңғыла, «Жеті қайқыдай» жүйріктер шыққан топырақта туып, басқаша сөз саптау мүмкін емес.

Жолың болсын, бауырым!

Ақындық жолдың сайлары мен сарқырамалары көп болады. Талай-талай толғанарсың, шыңдаларсың. Шын ақын соның бәріне төзеді. Төзім таланттыны биіктерге меңзейді.

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА,
Астана қаласы,
09.07.2013.



Айналайын Талғат!

Сенің «Ел мен Ер» атты әсер жинағының қолжазбасын оқып шықтым.

Ауын боламын дегендер өңек жазуды мұрықашық туындылардан бастаушы еді. Оған жастық, достық, махаббат секілді сезімдер себеп болатын. Сенің бұрыңғы жазғандарыңды көрген әлсізсің

ТБ тәуелсіздік деген ұлы арманға қолымыз жетті, таспаңар бойы ата-бабаларымыз бен ана-әжелеріміз ақсап өткен заманның парзенттеріміз. Бірақ сол тәуелсіздіктің қадір-қасиетін әлі күнге

бағалай алмай жүрміз. Осы орайда сенің өлеңдеріңнің қасиеттілігі жас ұрпаққа бабақ деген халықтың бостандыққа қол жеткізіп, Ел мен Күні алдына

тұтан заманға ардақтауды мұрат етіп ақиқаттар ақсатқандыққа деп ойлаймын. Мекен әлемі әдебиетті жақсы көретін, оны сүйіп оқитын, сөз қадірін түсінетін жастарды сыйлаймын, жақсы көретін. Ойткені олар ұлттымыздың болмысын жанына, қанына сіңіріп өскендер.



- 2 -

А, әкіме, әлек шайашымен деп ташпа-
натындағандық орны тіптен ерекше.
Оларды бәрі бітуді атышуы ақын нешесе
жазыуы болмай мүмкін. Алайда халық-
шылық сөз өнерін қадірлейтін, кейбіреу-
лердің бір сапаттық болғандықтары
сүйді біт мақолмен айтып шығарыпты.
азаңат болатынына сәтіншім мол

Едік деген ұтысды Ерлікпен қатар
қайып шықта қосқаның сүйсіндіреті, талло!
«Ақынстау» - ерекше айлақ. Сол аймақта
туып = өсіп қабак деген еді болып шарлап,
тыпастай меншіктеу де-ірілікпен
белгісі. Жашаған ақын. Әбіштей
сұқтыға, «жәті қайқыдай» жұйіріктер
шыққан топырақта туып, басқаша
сөз саптау мүмкін емес.

Молық болсын, бақырыш!
Жыңды, жоңды сайлары мен
сарқырағалары көп болады. Мауай =
мауай толтанарсың, шықдаларсың.
Шын ақын соның бәріне төзеді.
Мәзір мауайтыны биіктерге мекзеді.

Рауиза Оқтарсынова

У.Т.Т.Т.

09.07.2013
Астана қаласы



Елім азат боп алды,
Заманға айтар зары жоқ.

Осы күнді аңсаған,
Арман қылған бабам-ай.
Жанын қиды қанша жан,
Сан азапқа қарамай.

Арманшыл бол, жас ұрпақ,
Тырыс, «жетем» деуменен.
Алға кадам бас, ұрпақ,
Асқак арман кеулеген.

Арманы жоқ адамның,
Ақылы да шамалы.
Мына жұмбақ ғаламның,
Жауабын арман табады.

Армандап өт, армандап,
Ақтық демің қалғанша.
Басыңа сол қонған бақ,
Арманы көп жан болса.

Аспаныңда, Астанам,
Қалықтаған көп арман.
Рұқсат бер, жас қалам,
Сөз сұрайын солардан!



САЙЛАУДАН КЕЙІНГІ СӨЗ

*Халық Елбасы Н.Ә.Назарбаевты
бір ауыздан қайта сайлағанда*

Табандағы тапталған тіктеу үшін
Еңсемді,
Далам-дағы нар Ұлын күткені шын
Белсенді.
Ақ киізге мінгізіп,
Төріне нық көтеріп,
Еңіреген Еріне еміреніп
Ел сенді.

Табандағы тапталған тіктеп Ері
Еңсемді,
Иығына жүз батпан жүктеп еді,
Көрсен-ді.
Өрге тартқан керуені
Төрге, міне, қоныстап,
Еңбегімен еленген енді Еліне
Ер сенді.

Ол Ер көшін халықтың оң сапарға
Сүйреді,
Көлеңкесін алыптың күндейтіндер
Күйреді,



Төбемде Күн жарықтық, мол сәулесі –
Сүйгені,
Көрегенді танып нық,
Берді Ел тағы
Күймені!



**БАС СӘУЛЕТШІ – ЕЛБАСЫ**

Жұмыс бітер қызғасын,
Көріп білер көзіңіз.
Пішіп сызған сызбасын,
Бас сәулетші өзіңіз.

Жұрт ереді көсемге,
Бар ма басқа амалы?
Сарыарқаға көшерде,
Күмәнменен қарады.

Тауып істің байыбын,
Қиындық та шектіңіз.
Тәуекелдің қайығын,
Мініп аман өттіңіз.

Көрмеген ел түсінде,
Бұқараны таң қылдың.
Оншақты жыл ішінде,
Астананы салдырдың.

Қосып сізді өлеңге,
Достық құшақ жайғам шын.
Сегізінші боп Астана
Кереметке айналсын!



ЖАСЫЛ ЕЛ

Іскер жансыз, емессіз атаққа ерген,
Орманды адам орынсыз отап келген.
Еліне Елбасымыз «Жасыл ел» деп,
Бұлжымас бағдарлама жасап берген.

Әр адам өз үлесін қосу керек,
Мұндай іске үлесті қосу да ерек.
Қандай жақсы қалаңда бой түзеген
Құлпырып өсіп тұрса жасыл желек.

Тал егейік, бойдан күш аямайық,
Көлеңкесін жас талдың саялайық.
Басып-жаншып бойынан барын алмай,
Табиғатты, адамзат, аялайық!

Жазиралы даламның өртені бар,
Көңіліңді көрпедей серпері бар.
Миуалы жеміс талды көптеп ексек,
«Жер тойынса, білесіз, ел тойынар».

Жасыл желек тамырын мол жаяды,
Бұтағы нөсер сұрап қол жаяды.
«Бір тал кескен орнына он тал ексе»,
Кең далам гүлстанға айналады.

Жасыл желек даланда жайнап тұрса,
Майданы ұлы еңбектің қайнап тұрса.



Жалынды жыр оқыған ақындардай,
Бұтағында бұлбұл құс сайрап тұрса.

Жұртымның үлкені мен жас баласы,
Еңбекте әр адамның нақ бағасы.
Жыл сайын жас тал егу дәстүр болды,
Игі іс – Елбасынның бастамасы.

«Ел аңаның парызын өтер едім,
Ғұмырым соған жетсін!» – десең, елім.
Қолдайық игі ісін Елбасының,
Мен өзім қос қолымды көтеремін!





ТӘУЕЛСІЗДІК

Даламда жатыр мың арман,
Үмітім таң боп атады.
Тілектен арман құралған,
Алыс жол сынды сапары.

Тәуелсіздіктің таңы атып,
Тәубе деп жүр ғой қазағым.
Қолына жаттың қаратып,
Тартқызба өмір азабын.

Тәуелсіздіктің ақ таңы,
Батасындайсың бабамның.
Уыз ғып ұлттың татқаны,
Ақ сүтіндейсің анамның.

Тәуелсіздіктің ақ таңы,
Өлең ең ақын жазатын.
Ақ таңы елдің бақ таңы,
Қырандай қанат қағатын.

Бабаларымыз арман ғып,
Аңсап бір өткен сан ғасыр.
Берекесімен беріп мол байлық,
Несібесін елдің бер, ғасыр.

Ұйқысы сәби бұзылмай,
Аналар өтсін жыламай.
Тәуелсіздік деген тұғырда,
Көкбайрақ тұрсын құламай!



ТІЛЕК

Ақындық адал жүрегім,
Көңілдің қонам көліне.
Береке-бірлік тіледім
Қазақстан еліме.

Қарияларыма күш-қуат,
Тіледім, қарттар – тірегім.
Өткеннен көп сыр ұқтырар,
Қазынасыңдар, білемін.

Сұм соғыс енді болмасын,
Бомбалар қалсын жарылмай.
Бейбіт күн елге орнасын,
Тілегі ақын қабылды-ай.

Беліне таққан қаруын,
Болмасын мүлдем дұшпаның.
Береке-бірлік қадірін,
Ұғып тұр Қазақстаным!





ҮШ АБЫЗ

Алдына барады екен арызданған,
Дау-шарды тура шешу парыз болған.
Төле би мен Қазыбек, Әйтеке би,
Елімде осындай үш абыз болған.

Жолына адалдықтың түсе білген,
Келшектен мол үміт күте білген.
Қара түгіл алдында ел билеген,
Ханың да ақыл алған үшеуінен.

Жандары жалған сөзге жаралмаған,
Күштінің сөзін жақтап пара алмаған.
Ақтық демі қалғанша ғұмырының,
Адалдық ақ жолымен тәмамдаған.

Кісі жоқ ақыл-кеңес сұрамаған,
Азады пейілінен бірақ адам.
Үш абыздың дүбірлі дәуірінде,
Ақ туы ақиқаттың құламаған.

Ел едік біз жетімін жылатпаған,
Кезі жоқ жылағанды жұбатпаған.
Қалың елге сөзімен қайрат берген,
Жігерін жүндей қылып құлатпаған.

Жері жоқ үш абыздың артық айтқан,
Өр сөзін жалындатып шарпып айтқан.



Өршіген оттай болған дау-шарынды,
Шоқтағы қорғасындай балқып айтқан.

Байлығы үш шалымның ақыл болған.
Кесімін тура айтар батыл болған.
Бір атаның ұлындай бірлігі мол,
Үшеуі өле-өлгенше тату болған.

Беремін өткен күннің кімге есебін?
Достығын үш абыздың үлгі етемін.
Қалмаса бабалардан үлгі-өнеге,
Не екенін татулықтың білмес едім!





МҰХТАР ӘУЕЗОВ

Заманның өзі толғатып,
Тудырған сендей заңғарын.
Өзіңе қарап мен, аға,
Көргендей болам биік шын,
Семейдің алып тауларын.
Одан сайын қайралдың,
Жеңе алмады рухыңды,
Жағаңнан алған жауларың.
Жиырма жыл жаздың тапжылмай,
Өткен тарихқа үңіліп,
Демеймін – талды қармадың.
«Абай жолын» жазғанда
Бүкіл әлем мойындап,
Тістеді дұшпан бармағын.
Заманынан оқ бойы,
Озып бір туған саңлағым.
Өнерге жақын рухың,
Өлеңмен аят арнадым.
Қауырсын-қалам қолға алсақ,
Қолдағай бізді әруағың!

**БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ**

Асқақтайды төбеңде аспан-арман,
Аспан-арман – қол жетпес асқақ арман.
Момышұлы Баукеңнің ұлы ерлігі
Ұстаздықтың жолынан бастау алған.

Ұстаз бола білу де бақыт қандай?!
Жігерін шәкірттердің тасытқандай.
Ұстаздықтан бастапты еңбек жолын,
Ұрпаққа ерлік жырын оқытқандай.

Білімсіз өзгермейді надан қалып,
Надандықтың төркіні адамға анық.
Ерлігіңді шыңдауға одан әрі,
Әскери білім қудың содан барып.

Қас дұшпанға басыңды имейсің тек,
Намысыңды найза ғып түйрейсің кеп.
Миллиондардың бірі боп соғыстыңыз,
«Отан үшін отқа түс, күймейсің!» – деп.

Құрықтап ұстау қиын саяқтарды,
Әр сөзің ел санасын оятқан-ды.
Мәскеу үшін жан беріп шайқассаң да,
Батыр деген атағын аяп қалды.

Құдайдан ешкім, рас, шебер емес,
Болған іске төзбесе берен емес.



Батыр елден туылған батыр ұлға
Батыр деген атағың керек емес!

Мінезі Баукең шалдың шатақ келді,
Талайды мінезімен матап келді.
Тәуелсіздік алғанда Қазақстан,
Елбасы «Қаһарман» деп атақ берді!





ӘБІШ АҒА

Өзгеше болды заманың,
Көңілде кірбің, нала-мұн.
Тар жол, тайғақ тағдырлар
Тұсаулаған тұсы көп,
Бастырмай өрге қадамын.
Тәлімін көріп өстіңіз
Мың жылда бір туылар
Әуезов Мұхтар ағаның.
Тереңдік іздеп тамырын,
Тарихтан нәр алды,
Ерекше тұлға дарағым.
Ұстазын өмір болғанда,
Көңіліңе тоқыдың
Тағдырдың қатал сабағын.
Мұңдасын болды шерленсең,
Сырласын болды қаламың.
Ғұмырын ұзақ қылғай да
Алғысыменен халықтың,
Жетпіске келген ағаның!



НАУРЫЗ

Қақ айырылып табиғат қағанағы,
Қар суына сай толар сағанағы.
Жылдың басы өз Наурыз, төрле, төрле!
Тіршілік жасарады, жаңарады.

Даламның құлпырады бар алабы,
Жер-Ана бойына қан таралады.
Айна алдында отырған сұлулардай
Үйрек-қаз көл бетінде таранады.

Көргендер көрініске таңдай қағат,
Қиялың шарқ ұрады талмай қанат.
Наурыз айы – құдды бір суретшідей,
Дәл осындай картина қандай ғажап?!

Суреттен тұрасын да алып-ақ сыр,
Құлпырады, гүлдейді аңызак қыр.
Сөзбен сурет салуға Наурыздай,
Ақын ұлға қиындау соғып-ақ тұр.

Өскін шөптің басынан жел еседі,
Наурызда төрт түліктен төл өседі.
Бірін-бірі көрмейтін еш уақытта
Күн мен Ай осы кезде теңеседі.

Жарқыраса келбеті күндей болар,
Құпиясы сыр шертер түндей болар.